

II Қаламгер қоржынынан...

ЕГЕР РАС БОЛСА, ЕҢ КҮШТІ ЖАД ЖЕР-АНАНЫҢ ЖАДЫ ДЕЙДІ. МЕН БҰҒАН СЕНЕМІН. СЕНІМ КЕЛЕДІ!.. ЖЫЛЫНА БІРНЕШЕ МӨРТЕ МАЗАСЫЗ ЖАНЫМДЫ ҚАРОЙ ЖАЗЫҒЫНА СҮЙРЕЙТІН ДЕ ОСЫ СЕНІМ, ОСЫ ҚҰДІРЕТ. АЛТЫНДАЙ САРЫ СЕЛЕУІ ЖЕЛМЕН БЫЗЫДАП, ҮНЕМІ АЗАЛЫ ЗАР КҮЙІН ШЕРТІП ТҰРАТЫН ОСЫ ЖАЗЫҚТЫҢ САНАҒА СЫЙМАС БІР ТЫЛСЫМЫ БАР. БІПЕЙТІН БІР ГӨЙ-ГӨЙІ БАР. СЕНБЕСЕҢІЗ ТЫНДАП КӨРІҢІЗШІ. ШЫНЫМЕН ТҮК ЕСТІМЕДІҢІЗ БЕ?.. МҮМКІН ЕМЕС!

Жоқ, олай емес, құр мағнасыз құлақ түруді мүлде керек жоқ. Әуелі, өз түйсігіңбен ошап қалып байқайсың. Содан ойша сал кері шегінің!..

Жұрттың бәрі білетін сол бір оқиғаны сіздің де естігеніңізге сенемін. Тіпті бас шайқап қатты ойнаған болуыңыз да өбден мүмкін. Ең бастысы, сіз бұған тарихи хронологияның бір парағы, қазақтың басынан өткерген көп қасіретінің бірі деп қарамауға тиіссіз. Біздің иен байтақ даланың әр тұсында маңқан момақан балбалдар мен меліңнен тас обалардың өзіне ғана тән жеке қайғысы, сұңғыла сыры бар. Олар бәрін көрген, оларды жадында бәрі сақтаулы. Олар ешкімге ақтарылғаны келмейді. Салтанатты шақтарын да, сарпап сағынышын да, аң ұрған өкінішін де бәрін, бәрін мәңгілік күндегіне қымтап тастаған. Олар тірілерді менсінбейді!..

Қарой жазығы да солай!.. Бұл жерде таң рауандағанда айналаны жым-жырт бейқұна тыныштық әлділен жатады. Ол тыныштықты бұза, титтегі бозторғайдың шырылы ғана бұзар!.. Сәлден соң алтынды күймесін жегіп күн көрінер!.. Алтынды тәжі жарқырап, бапшен жүзің тас төбене дейін көтерілер!.. Бірақ, бұл жаймануақ ұзаққа созылмайды. Дәл түс мезгілінде жаңағы тыныштықты бытшытын шығарып, дауыл симфониясы ойнайды. Өлдеқайдап көтерілген тентек құйын әп-сәтте топырақ суырып, әлсіз селеудің нзік басын жұдырлап, ішегін тартып әлде аш бәрін, әлде бір азалы жан несінің ашы өкінішімен сарнай көнеді. Ылғи солай!..

Қарой жазығы жақсы білетіндер бұл жайтың үйренішті құбылас екенін айтып қалады. Тіпті, әлденеше жылдан

төңің үстіне көмгенің де көрді. Арада жылдар өткенде жаңы жаннатта болғыр Дінмұхамед ақсақалдың ұлы Құрақты ертіп әкеліп, өткен күндерден баян шертегін де көрді. Қария қамшысының тобылғы сабын Махамбет моласының

қайраткері Сағидолла Құбашека алып келеді. Сұңғыла басты ғалымның ізгі мақсатына қолдау білдіре отырып, көкейжесті күдігін айтып кете алмайды. Ол күдік егер шынымен әл жерде Махамбеттің мүрдесі жатқан болса құба-құл, ал егер Құрақ қария қателесе ше, алты алаштан сүйіншілеген хабар жалған болып шықса ше дегенге саяды. Бірақ, «Нар тәуекел – ер ісі» деген Шаяхметов райынан қайтпак емес. Сөйтіп бір үміт, бір күдікпен олар Индерге аттанды. Мұнда арнайы жиын өткізіліп, Махамбет зиратын қазу жұмыстарына қатысатындардың тізімі жасақталды.

бас денесінен шабылып алғаннан кейін шабылған, үшіншіден, шамамен жасы 40 пен 50 арасындағы адамның сүйегі. Осы мағлұматтарға қарағанда, бұл Махамбеттің бас сүйегі деп айтуымызға болады», - деді. - «Ендігі жерде қазу жұмыстарын әрі қарай жалғастыру арқылы дене сүйектеріне жетугіміз керек. Егер де денесімен бірге бас сүйегі болмаса, онда бас та, дене де бір адамдікі екендігі анықталады», - деді де, Нозь қолындағы пышағымен топырақты омырып, тышқанша арт жағына қарай сыпырғышымен сыпырып отырды да, мен босатылған топырақты шелекке

әйелінің берген жауаптарын, жеңдеттер Ж.Өтеулин, М.Нұрадин, Т.Тұрымов, Ы.Төлеулердің айтуымен жазылған Баймағамбет сұлтаннның жолдама хаты, Махамбеттің көзі тірісінде Хиуада жүріп елге жазған хаты секілді деректерді толық негізге алды. Сөйтіп, Махамбеттің бет-бейнесін сомдап қана қоймай, оның бойының 167,8 сантиметр, ал ми қуысының көлемі 1593 текше сантиметр болғаны анықталды.

Сонымен, астыртын жеңдетердің қолынан қапыда мерт болған марғасқа Махамбеттің қасіретті оқиғасын зерттеу жұмыстарымен бәрі тынды деп

# ҚАРОЙДЫҢ ЖАСАДЫ

басына батыра көмгенің де көрді. Көрді де тынды!..

Арада жеті жыл уақыт өткенде академик Қажым Жұмалиев пен ақын Тайыр Жароков Махамбет зиратына іздеу салатынын ол кезде кім білген?.. Жаңағы Құрақ арғы атасы Бектұрғаннан өз әкесі Дінмұхамедке дейін көздің қарашығындай сақтаған қазына сырын осы жерде ақтарды. Арада жүз он екі жыл уақыт өткенде, Қарой өз құпиясын ашты. Алты алашқа рух болған дауызлаз ердің мәңгілік мекені анықталды. Бір


Ауданның бірінші хатшысы Жәрдем Кеңжетәев бастаған он бес шақты адам бірерде батырдың бейітіне келіп жетеді. Көз сүнінер қара жоқ, көз ұңдыла сағым бідеген Қарой жазығында сәлден соң Махамбет қабіріне күрек салынады. Әрі қарай осынау маңызды оқиғаның басы-тасында болған Әбісатовтың өз сөзімен жалғастырамыз деп көрдік:

«...Лақаттың үстінен екі күрек бойы терендіктен (40-50 см) түйенің бас сүйегіне тап болдық. Қиялді себеппен бұл

қолыммен салып, сұртқа беріп отырдым.

Тағы да екі күректің бойындай топырақты алғаннан кейін өрнектелген және қызыл бояумен боялған күіз үйдің сықырлауының жарықшақтарына тап болдық. Ағаш жұп-жұмақ үгілмелі болып қалыпты. Оның жарықшақтарын біртіндеп топырақтан басып алып, күнге

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қазақстандықтарға арналған Жолдауында: «Рухани жасағыру құндылықтары - біздің басты рухани бағдарымыз болып қала береді. Тарихқа құрметпен қарай, Отанға адал болу, ұлғым мен білімге деген ұлттылық» деп атап өткен-ді. Ендеше, төменде оқырмандар назарына ұсынылып отырған әріптесіміз Әлия Дәулетбаеваның Халық батыры әрі ажалынды Махамбет Өтемісұлы хақындағы әңгімесі осыған айқын айғақ болғандай.**



жылдан соң – елу тоғыздың қарашасында батырдың басына биіктігі екі жарым метрден асатын ескерткіш белгі орнатылды. Сонымен бәрі бітті дейсіз бе? Жоқ!

Арманда кеткен арыстанның рухы артындағы ел-жұртына әлі де тыным бермеді. «Қызғыштай болған есіл ердің» тірлігіндегі мазасыз сапары жырмасышына гасырда тағы да жағасын тапты.

«Қақулап шақырып, қанды көбік түкіріп, қабағына қарсы сүйем мұз қатқан» қайран ердің тірісіндегі келбетін көз алдына келтіріп, ол кешіп өткен қанды жорықтан арқаланып қаншама ақын жыр жазды?! Махамбеттің отты толғауларынан оймалдай ой түймекке қаншама ғалым қаламшын кемірді?! «Еске аласың біздерді, мың рахмет сіздерді» деп кейінгіге үміт арқан ұлы ақынның біз көріп, танып жүрген бүгінгі бейнесі қалай жасалғаны туралы хикаясы осы тұстан бастау алады.

Қазақтан шыққан тұңғыш антрополог-мүсінші Нозь Шаяхметовтың Махамбеттің тірі кездегі бейнесін жасауға деген талпынысы оны 1966 жылы қызылдар Гурьев облысына алып келеді. Бұдан кейінгі дерек-намамыз белгілі махамбеттанушы, айтулы ғалым Қайыржан Әбісатовтың жазбаларынан арқасында жағасын таппақ. Хооп!..

Сонымен Жайық жағасына тұңғыш рет ат басын тіреген мүсіншіні осы елдің перзенті Қайыржан аға күтіп алып, сол кездегі Гурьев облыстық атқару комитетінің төрағасы, белгілі мемлекет

сүйектің лақатта жатқаны бізге белгісіз. Мүмкін, Махамбеттің басына алып келіп мүрдесінің үстіне қойғанда ағайын-жолдастарының қаралы жыныға сойған түйесінің басы болар деп топшылады. Тағы да 20-30 см терендегенде лақаттың орта шенінен күрек бір қатты нөреге тіді. Осыдан кейін Нозь екеуіміз қазылып жатқан шұңқырға түстік. Нозьдің қолында үшкір пышақ пен сыпыртқы кисточка болды. Ал менің қолымда – темір шелек.

Нозь қолындағы құралдарын бапшен пайдаланып, күрек тиген қатты нәрсені топырақтан босата бастады. Ол адамның бас сүйегі болып шықты. Бас сүйектің желке жағы жоғарыға, ал бет жағы төмен қарай жатыр екен. Қарақұс сүйегінің үстіңде бірінші мойын омыртқа мен екінші мойын омыртқаның жартысы жатты. Бас сүйектен төрт терен жарақат көрдік. Екеуі шеке сүйекте, екеуі жоңылған жарақат жақ сүйектің және қарақұс сүйегінің төменгі жағында болды. Шекедегі екі тілпінге жарақаттан 6-7 см көлемінде бас сүйегі жарықшақтанып, бастың ми орналасатын жағына қарай ойыстанып жатыр екен. Жағдыла үш тіс жоқ, біреуі жоғары азу, екеуі төменгі азу тістер. Бас сүйекті түгел топырақтан ажыратып алғаннан кейін Н.Жұмабайұлының қаттықы қабағынан құаныш сезімі байқалды. Ол бізге:

«Аса қымбатты жолдастар! Бұл денеден бөлек жатқан бас сүйегіндегі жарақаттар және тістерінің санына қарағанда, біріншіден, бұл аяуыңдылық мерт болған адамның басы, екіншіден,

көпіртуге бердік. Сықырлауық астындағы лақаттың орта шенінен адамның қол сүйектеріне тап болдық. Сәл төменректе жамбас, ұршық, бел омыртқаларына тап болдық. Жамбас пен сегіз көзді омыртқаның сүйектеріне қарап Нозь бұл сүйекті «ер адамның сүйегі» деген тұжырымдама жасады. Осыдан кейін біртіндеп түгелдеп, денесінің барлық сүйектерін қалың топырақтан босатып алдық. Бірақ денесі жатқан жерден бас сүйек табылмады.

Ал мүрденің омыртқаларын түгелдегенімізде, басып бірге табылған екінші мойын омыртқаның жарты санығы дене сүйектерімен бірге жатқаны анықталды. Сондықтан да бұл жерге бөлектеп жерленген бас пен дене – бір адамдікі. Бұл оның Махамбеттің сүйегі екендігіне күдіксіз толық сенім туғызды...»

Академик Әбісатовтың «Махамбеттанудың беймәлім парақтары» атты еңбегінен өз өзгерісіз алынған осынау естелікті тарих үшін құндылығында шек жоқ. Бастарын нар тәуекелге байлай отырып, бұл маңызды іске бел бұған азаматтар ұрпақ алдында үлкен миссия атқарды. Кейінірек Нозь Жұмабайұлы осы жұмыстарын істепкесімен қазақшыл алдаспан ақын Махамбеттің бет-бейнесін сомдап шықты. Арманда кеткен батырдың қазына арада гасырдан астам уақыт өткенде сот-медициналық сараптама жұмыстарын жүргізу барысында ол бұл іске қатысты барша архив деректерін, қанды оқиға куәгерлері Махамбеттің екі

ойлайсыздар ма?.. Жоқ!

Нағыз сергелден әлі алда болатын. Өз жұмысын мінсіз атқарған ғалымнан ғазиз батырдың сүйегін қабылдап алар жан болмады. Тірілігінде

«Азамат ердің баласы, Аз ұйықтар да көп жортар. Дұшпанға кеткен кеті мен Барымтаға түскен малы бар» деп, өз еркімен басын азапқа тіккен алдаспан ақынға XX ғасыр да өз «тартуын» дайындап тұр екен... Бар-жоғы 46 жыл құмыр кешіп, оның жартысынан көбін ат үстіңде өткізген аруақты ердің мүрдесін қайта жерлеу жұмысы бақанды он жеті жылға созылады деп кім ойлаған?.. Сегіз жыл Алматының жертелесінде, тоғыз жыл Гурьевтің қойма-мұражайларында шап басқан жәнік ішінде сарылып жатады деп кім ойлаған?..

Өкінішке қарай, Кеңестік бюрократияның томырық саясаты, жекелеген кресло иелерінің немқұрайдылығы, сұрықтай заманның жалтақ-жауғызқоз психологиясы оны дәлелді. Тек 1983 жылы ғана Гурьев облыстық партия комитетінің бюросы оны Қарой даласына, мәңгілік мекеніне қайтаруға шешім қабылдады. Сол жылы мамырдың 15-інде Махамбеттің сүйегі жер қойнына тапсырылды.

Бұйырмашы айтыпқа, Тым тереннен шақырғанда қиянға Ай, Тас сапана терен-терең ой салып!..

...Махамбеттер жасын жұтап Жайыққа Мен де үнілем ұялмай!

Құдайдың қорлығын қойсаңшы!.. Бұл – «Алаштың Айтманы» атанған Сәткәлі Нұржанның жан сөзі. Сәткәліның өсиеті Махамбетті өзінің құбаласына санайтын барша рухты қазақтың көкірек күрсінсі. Махамбет мүрдесінің 17 жылға созылған жергелік сергелденіс біздің бөріміздің қатысымыз бар. Надандықтың дүлей шоқпарлары Жүсіптер мен Ықыластар сол гасырда қалып қойды деп кім айтып? Олар тірі! Олар – біздің арамызда. Араға жылдар аралатып «Ақын өлтіру» ойындары әлі де өз репертуарына жүріп тұрады.

Қарой жазығын бетке алсаң сонандай күмбезі күнге шағылып, дулығадай қасқайған Махамбет мазары қарсы алады. Кеуделі сағыншы та, салтанат та, өкініш те – барлығы қатар билеп, жұдырқайы жүрегің тулап кетеді сондай сәттерде... Алқымна бір өкіс түйеғлады сондай сәттерде... Өлділетсіз дүниенің өлемі дилары көз алдына келеді сондай сәттерде... Сақылдаған аяр күлкі, қиыққан еңіреуді ұн құлақ тұндырады сондай сәттерде....

Қыста қор мейлі, жазда қор, ажары қату,

Баяғы Қарой бүктүсіп Бозарып жатыр. Сәп-салтанаты келіскен күмбез астында

Қазақтың көрген қисапсыз азабы жатыр!..

Иә... Дәл солай!..

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА, ақын, Махамбет атындағы сыйлықтың иегері

бері Махамбет мазарында өткізілетін жиын атаулының бәрін түсікі сағат бірге дейін аяқтап тастауға асығалы ұйымдастырушылар. Өйткені, біледі!.. Бұл мекеннің жазылымға жекеменшік заңы бар. Түйсігі бөлекке ғана тұтқамдап тыңдатар тылымы бар...  
...Мен кесекті ердің сойымын, Кескілеспей бір басыман!..

Бүкіл болмысы шамырқанған рухтан, шарқайрап намыстан тұрған Махамбет ақынның осы бір шумағы өз тардырына жасалған сәуегейлік болды ма деймін... Туган халқын социалдықты өлермедікпен сүйген, оның азаттығы үшін басын ажалға тіккен қайран ердің сол халқының ортасынан жанына жалау болар жер таппай Қаройдың қара жазығына аз ғана күнге аялдан, мәңгілікке қалып қойғанын айтышы... Табынның бүрі жортарға бетін берген опасыз дүниенің батырға келгенде теріс қарағанын айтышы... Қазаның қара суығында дәріменсіз қатын-баланың алдында жақ кешкенін айтышы... Тірісінде бақи бастырмаған асқақ кеудесінен ғазиз басының абайсызда ақыран қалғанын айтышы... Ақынның қанын төуге шірікпеген жеңдеттерінің арылдыңын айтышы... Ей, жалған-ай!.. Мынау Қарой соның бәріне күз болды гой. Еңді ол сарнамағанда кім сарнайды?..

Қарой бәрін көрді... Батырдың басыз кеудесін құшақтап қалған ағайынның оны осы жерге жерлегенің де көрді. Кейін бажасы Асаубайдың Баймағамбеттің жылқышыларынан сұрау салып, ақы беріп кесілген басты тауып әкеліп,

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолымен берілген құрмет грамотасы